


Өз жеріңді, өз тарихыңды танып біл!

## СЕҢКІБАЙ БАТЫР



Мазар Талды өзенінің бойында, Талды ауылынан күншығысқа қарай 10 км шамасындай жерде. Мазарды бірінші рет Талды совхозының директоры Дулат Смайлов қайта салдырса, кейіннен батырдың ұрпақтары дала өркениетінің үлгісімен сәулетті мазар тұрғызды.

Сеңкібай батыр Оразғұлұлы Қожас батырдың шөбересі. 1707 жылы дүние есігін ашып, 1786 жылы Талды өзенінің бойында мәңгілікке аттанған. Сеңкең Жидебай батырмен қатты сыйлас, дос-жаран адамдар екен. Талай шайқастарды да бірге өткізген. Дүниеден өткенде де бір-бірімізді көріп жатайық деседі екен. Сеңкең Талды өзенінің жағасындағы биіктеу тұсқа жерленіп, Жидекең Нұраның жағасындағы шоқыны мәңгілік орыны еткен.

Сеңкең 17 жасынан Қанжығалы Бөгенбай батырдың соңынан ерген. Бұланты, Аңырқай соғыстарына қатынасып ерлік көрсеткен. Жоңғар қолы батырларының бір нояны Көренмен жекпе-жекке шыққан деген сөз бар. Абылай хан «Ақ иығым» деп мақтайды екен. Абылайдың көзін жоймақ болып, қараңғы түнде қоршаған жаудың арасынан ханды аман-есен алып шығудың жолын тапқан.

Жау жеңіліп, ел жайбарақат тірлігін бастаған тұста енді ел бірлігін сақтау үшін қалған өмірін арнаған. Әділдігіне сүйсінген ел Сеңкенді «Би ата» атап кеткен екен.

Сеңкібай батырдың ерлік істері Бұқар жыраудың жырларында да айтылды. Халық күні бүгін Сеңкенді әулие тұтып, басына тәуеп етеді.